МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ
«№1 КЕШКІ МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«№1 КЕШКІ МЕКТЕП»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**Б Ұ Й Р Ы Қ** **П Р И К А З**

19.05.2025 ж. № 27 ПК

село Мангистау

**Мемлекеттік сатып алудың бір көзден тікелей шарт жасасу туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бап, 3-тармақ, 28-тармақшасын негізге ала отырып, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу бойынша *тікелей шарт жасасу арқылы* мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Осы Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етсін.

3. Бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негіз:** Мемлекеттік сатып алу заңы

**Директор:** **Т.Казыев**